

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2023)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/ZCCA6957>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор, академик АПН РК и РАЕ

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Каббасова А. Т., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор, академик АПН РК

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кэннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ, ЭТНОПЕДАГОГИКА
И СРАВНИТЕЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА

FTAMP 14.29.00

<https://doi.org/10.48081/JTCJ3179>

***Б. Ж. Ташкенбаева¹, З. А. Серикбаева², Г. А. Тастемирова³**

^{1,2,3}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

e-mail: *Bakytgul.Tashkenbayeva@kaznu.edu.kz

**КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ
АДАМДАРҒА АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ЕҢБЕК
НАРЫҒЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕНІ ШЕШУІ**

Бұл мақалада Корея Республикасындағы егде жастағы адамдарға қосымша білім беру және олардың еңбек етуге қатысуын арттыру мәселесі қарастырылады. Сонымен қатар Корея үкіметінің осы мақсатта егде жастағы адамдарға арналған жобасы туралы айтылады. Оңтүстік Кореяда халықтың көбеюі төмендеп, қартаюу үдерісі дамыған сайын, еңбекке қабілетті халық саны азаю ел экономикасының тұрақты дамуына кедергі келтіруде. Үкімет жұмыс жасайтын адам тапшылығын жою мәселесін шешу және әлеуметтік шығындарын қысқартудың бір жолы ретінде белсенді еңбек етушілер қатарына жасы егде тартқан адамдарды және зейнетке шыққан адамдарды тұрақты жұмысқа тарту арқылы қарастырып отыр. Мұндай жағдайда билік үшін егде жастағы адамдарды жаңа еңбек нарығының талаптарына сай біліктілігі мен дағдыларын арттыру, қайта даярлау маңызды саналады. Сондықтанда Оңтүстік Кореяда ересектерге білім беру – бұл мемлекеттің стратегиясы әрі нарық талабы. 2016 жылдан бері Сеул қаласында егде жастағыларды әлеуметтік қамтамасыз ету мен оларға білім беруді қолдау бойынша жаңа бағдарлама іске қосылды. Ол Сеул 50+ бағдарламасы арқылы қаладағы түрлі кампустар мен қоғамдық орталықтардың кешенді инфрақұрылымынан, сондай-ақ әртүрлі бағдарламаларды қадағалайтын және мүдделі тараптардың қарым-қатынасын басқаратын қордан тұрды. Сондай ақ, бұл іс шара орта буынның

еңбекке араласу арқылы салауатты және белсенді әлеуметтік өмірі мен көрілігін қолдау үшін де құрылған.

Кілтті сөздер: егде жастағыларды оқыту, еңбекке тарту, қоғамдық өмірге қатысу, қайта даярлау, біліктілікті арттыру.

Кіріспе

XXI ғасырда ғылым мен технологияның қарқынды дамуынан әлемдегі әлеуметтік-мәдени өзгерістер әр адамнан өз өмірінің әрбір кезеңінде жаңарып отыруға тиіс үздіксіз жүйелі білімді талап етіп отыр. Соның ішінде егде жастағы адамдардың жаңа деңгейде білім алуы мен кәсіби біліктілігін арттыру мәселесін шешу қажет екенін мойындауымыз керек. Бұрын білім алуда адам өз ғұмырының қысқа бір кезеңімен шектелді. Дамыған мемлекеттердің өзінде орта жастан асқан адамдардың қосымша білім алуға деген қажеттілігі ескерілмеген еді.

Ал соңғы кезде егде жаста білім алу ең алдымен кәсіби тұрғыдан өз деңгейін көтеру немесе басқа салада өзін байқап көру, заман талабына сай жеке тұлғасын дамыту, жалпы өз ғұмырына жаңа мазмұн беру мен өмір сүру деңгейінің сапасын жақсарту үшін де білім алу мақсатындағы қажеттіліктерді қанағаттандырудың маңыздылығы артып отыр. Дәл бүгінгі күні үздіксіз білім алу идеясы әлемде қолдау тауып, даму жолына түскен және көптеген мемлекеттерде үздіксіз білім беру тұжырымдамасы ресми түрде білім беру саласындағы мемлекеттің саясатына енгізілген.

Қазіргі дүниежүзінде демографиялық ахуал қатты өзгеріп, халықтың қартаюу үдерісі жылдам қарқын алуда. 2018 жылы тарихта алғаш рет 65 және одан жоғары жастағы адамдардың саны әлем бойынша бес жасқа дейінгі балалар санынан асып түсті. 2019 жылғы егде жастағы адамдардың саны 143 миллионнан үш есеге өсіп, 2050 жылы 426 миллионға дейін артады деп болжануда. Бұл 65-тен асқан қарт адам 2019 жылы әрбір 11-ші адам (халықтың 9%) болған болса, ал 2050 жылға қарай әлемде әрбір алтыншы адам (халықтың 16%) болады екен [1]. Халықтың қартаюуы ел өмірінің барлық аспектілеріне, соның ішінде денсаулық сақтау жүйесіне, мемлекеттік қаржылық жоспарына, білім беруіне, экономикалық дамуына, еңбек нарығының тұрақтылығына, әлеуметтік-мәдени жағдай мен отбасылық өмірге қойылатын талаптарға әсер етуі ықтимал.

Қартаюу үрдісі әсіресе дамыған мемлекеттерде ерекше орын алып отыр. Қартайып жатқан елдерде халықтың төрттен бір бөлігін қамтитын қоғамға қажетті қалыптасқан дағдылары, таланттары және басқа да үлестері бар қарттарды сыртқа итеріп тастай алмайды. Демографиялық өзгерістердің кері салдарына төтеп беру үшін егде жастағы адамдардың дені сау, дұрыс

өмір сүруі үшін жағдай жасау маңызды және оларды қоғам өміріне белсенді тартудың жолы оларға білім беру деп қарастырады. ЮНЕСКО-ның арнайы зерттеу құжаттарында айқындалған: Егде жастағыларды оқыту мен білім берудің мақсаты адамдарға өз құқықтарын жүзеге асыру және өз тағдырын басқару үшін қажетті дағдыларды беру. Олардың тұлғалық және кәсіби дамуына ықпал етеді, қоғамға белсендірек қатысуын ынталандырады. Сондай-ақ, экономикалық өсуге және адамдардың жұмыспен қамтылу мүмкіндігін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан, егде жастағыларды оқыту мен білім беру кедейлікті азайту, денсаулық пен әл-ауқатты жақсарту және тұрақты білім беру қауымдастығын құрудың маңызды құралы [2].

Оңтүстік Корея – қарт адамдарының саны тұрақты түрде өсіп келе жатқан ел. 2017 жылы Оңтүстік Корея ресми түрде «қартаюшы қоғамға» айналды. Бұл белеске басқа дамыған елдерге қарағанда тезірек жетті және 2026 жылға қарай «жоғары деңгейдегі кәрі қоғамға» айналады деген болжам айтылуда. Корея Республикасының «қартаюшы қоғам» фазасына кіруіне байланысты қоғамда түрлі мәселелер күн санап өсіп келеді. Сәйкесінше мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бағыттарының бірі ретінде қарттардың мәселесі – тез арада шешілуі тиіс маңызды міндет саналды. Әрбір прогрессивті экономика үшін қарт адамдар құнды және өнімді ресурс саналады. Сондықтан олардың әлеуетін толық ашу үшін олардың зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін жинақтарының өсуін ынталандыруға және еңбек белсенділігі мерзімін ұзарту шараларын қабылдау күн тәртібіне енуі керек болды.

Материалдар мен әдістер

Ересектерге білім беру ісі саласындағы практикалық аспектінің белсенді түрдегі дамуына қармастан, орта жастағылардың білімін тереңдетудің теориялық мәселелері күні бүгінге дейін аз қарастырылып келе жатқан тақырыптардың бірінен саналады.

Тақырыпты зерттеу барысында сипаттау әдісі, материалдарды талдау, салсытырмалы сипаттамалы, құрылымдық функциональды әдістері қолданылды. Зерттеуде негізгі қолданылған материал ретінде Оңтүстік Кореядағы қартаю үдерісі мен оның салдарына жасалған статистикалық мәліметтер қолданылды.

Зерттеу әдістемесі ретінде алынған мәліметтерді теориялық салыстырмалы талдау, интерпретациялау және синтездеу әдісі қолданылды. Авторлар егде жастағы адамдардың тұлғалық және кәсіби дамуын қолдау, белсенді өмірлік ұстанымын сақтау және егде жастағы адамдарды қоғамдық жұмыстарға қатысуға тарту үшін білім берудің ерекше маңыздылығын атап

өтеді. Бұл зерттеуді жүргізу кезінде үшінші жастағы адамдардың еңбекке араласуының себептерін түсіну әлеуметтік тұрғыдан қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау

Кореяда үздіксіз білім берудің тарихы 1970 жылдары ересектерге білім беруді талап ететін ұйымдасқан қозғалыстар пайда болуынан басталды. Білім беру саласындағы сарапшылар егде жастағылардың білімін көтермелейтін заңдардың шығуын талап етіп, үкімет пен Ұлттық ассамблеяға әртүрлі заң жобаларын ұсынды.

1972 жылдың қазанында алғаш рет Сеул қаласында қарттарға арналған «Чонно Тэхва» мәдени орталығы, 1973–1974 жылдар қарттарға арналған оқу орталығы мен мектеп ашылды. 1976 жылы Корея Республикасының егде жастағыларға білім беру қауымдастығы, Қызыл Крест халықаралық комитеті жанындағы ерікті ұйымдар, қоғамдық ұйымдар, егде жастағы адамдарға арналған мектептер және университеттер, сыныптар, қарттар үйі және т.б. ұйымдастырылған. 1981 жылы Кореяның қарттар қауымдастығы құрылды. Осы жылдар ішінде егде жастағы адамдарға білім беруде Сеулдегі Үздіксіз білім беру орталығы, Ёнхве қарттар институты, Біріккен қарттар қауымдастығы белсенді жұмыс жасады [3]. 1982 жылы «Егде жастағыларға білім беру туралы» заң қабылданды. Бұл заң арқылы ересектерге бағытталған білім берудің түрлері заңды түрде танылды, ең алдымен ЖОО үздіксіз білім беру бағдарламаларының саны ұлғайтылды, заң үкіметтің өмір бойы білім беруге жәрдемдесу үшін саясатты құруға және мемлекеттің бұл саланы да қаржыландыруына құқықтық негіз болды. Ал 2009 жылы жаңа білім беру жүйесінің жоспарына сәйкес өмір бойы білім алатын қоғам құру саясатын қолдау көрсету үшін «Өмір бойы білім беру туралы» Заң қабылданды.

Оңтүстік Корея қарт адамдарға білім беру жүйесін барынша жетілдіріп, жалпы елді қамтуға тырысты. Кореяның «Қайырымдылық қызметі туралы» Заңында «қарттардың әл-ауқатын жақсарту, олардың бос уақытын ұйымдастыру және ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында қарттар үшін білім беруді дамытуға жәрдемдесу» негізінен қалалық және аймақтық биліктің міндетіне жатқызылды. Алайда, Кореядағы егде жастағы адам АҚШ пен Еуропаның кейбір дамыған елдерінің адамына қарағанда жаңа білімді алу үдерісі баяу жүрді. Кореяда егде жастағы қызметкерлерді оқытуды жүргізу үкіметтің қозғауымен басталды. Оларға төлеуге пайдаланатын ваучерлерді қарастырды, мұндай ваучерлер оларға кез-келген мамандықты оқып үйренуге мүмкіндік берді және де бұл сол уақыттағы жұмыс орнымен байланысты болуы міндетті емес еді. Үкімет қаржыландыратын түрлі денгейдегі бағдарламалар бойынша қарттарға ақпараттық-білім беру орталықтары жұмыс жасады [4].

Демографиялық өткір мәселелері күрделене түскен Корея Республикасы елінде де егде жастағы адамдарға білім берудің маңыздылығы артып отыр.

Кореядағы тұрмыс деңгейі жоғарлап, денсаулық сақтау саласының қолжетімді және сапалы болуының арқасында өмір сүру ұзақтығы 1970 жылғы 62 жастан жаңа ғасырдың басында 83 жасқа өсті. Бірақ бұл жағдай Кореядағы тұрғындардың тез қартаюуына әкелді, 65 жастан асқан оңтүстік корейлықтардың үлесі 2010 жылы халықтың 10,8 пайызынан 2022 жылы 17,5 пайызға дейін өсті. Кореяның статистикасы 2036 жылы қарт адамдар халықтың 30 және 2051 жылға қарай 40 пайызына жетеді деп отыр. Бұл 15-тен 64 жасқа дейінгі еңбекке қабілетті жастағы халықты одан әрі қысқарып, еңбекке жарамды халық саны 2020 жылы 37,38 миллионнан 2050 жылы 24,19 миллионға дейін төмендейді деп күтеді [5].

Халықтың жалпы санына шаққандағы үлесі көп қарт адамдарға төленетін әлеуметтік төлемдердің қаржылық ауыртпашылығы еңбекке жарамды халықтың келесі ұрпағына түседі. Еңбекке қабілетті азаматтардың санының азаю ел экономикасының тұрақты дамуыны түрлі кедергілер келтіретіні түсінікті. Үкімет жұмыс жасайтын адам тапшылығын жою мәселесін шешудің бір жолы ретінде белсенді еңбек етушілер қатарына жасы егде тартқан адамдарды және зейнетке шыққан адамдарды тұрақты жұмысқа тарту арқылы қарастырып отыр. Ал елде егде жастағы адамдардың саны күн сайын артып жатқандықтан, олардың саны өте жеткілікті. Мұндай жағдайда билік үшін егде жастағы адамдарды жұмыс істеуге ынталандырып, жұмыспен қамту – экономикалық өсуді ілгерілету және мемлекеттің әлеуметтік шығындарын қысқарту үшін маңызды саналады.

Корей қоғамында аға буын өкілдерінің өзекті әлеуметтік мәселелерінің бірі ретінде олардың кедейлігі үнемі айтылып келеді. Оңтүстік Корея ЖІӨ жағынан әлемдегі ең жоғары 10-дыққа кіргенімен, ЭЫДҰ елдері арасында 65 жастан асқан адамдар арасындағы ең жоғары кедейлік деңгейіне ие. Орташа алғанда, ЭЫДҰ елдерінде кедейлік қаупінің жасы бойынша айтарлықтай айырмашылығы жоқ, бірақ Кореяда кедейлік қаупі қартайған кезде тез өседі. 2016 жылы орташа табысы 50 %-ды құраған Кореядағы егде жастағы адамдардың кедейлік деңгейі 43,8 %-ды құрады, бұл ЭЫДҰ 13,5 %-дан үш есе артық. Халықтың қартаюуының жылдам қарқынынан кедейлікте өмір сүретін егде жастағы адамдардың саны жылдам артып келеді. Егер кедейшіліктің қазіргі деңгейі сақталса, 65 және одан жоғары жастағы адамдардың саны 2025 жылы 31,9 %-ға, яғни 3,5 миллионнан 4,6 миллионға дейін артады деп күтілуде. Жоғарғы деңгейдегі қарт қоғамға енуімен халықтың 20 %-дан астамын қарт адамдар құрайтындықтан, шамамен әрбір екінші кедей адам болашақта қарт болады [6].

Қазіргі өндірісті автоматтандыру адамдарға ауыр физикалық еңбектен арылуға мүмкіндік берді. Сондықтан Оңтүстік Кореяда егде жастағы адамдарға кейінгі технологиялық өзгерістерге байланысты дағдыларын үнемі көтеріп отыруға мүмкіндік беретін қысқа мерзімдегі білім алудың тиімді бағдарламаларының қол жетімділігі өте қажет. Мұндай оқыту олар үшін әр түрлі арналар арқылы, оның ішінде жеке фирмалар мен кәсіподақтар арқылы және үкіметтің қолдауымен болатын түрлі бағдарламалар арқылы жүзеге асуы мүмкін. Бұл сонымен қатар жұмыс күшін ұлғайтуға және егде жастағы жұмысшылардың бұрыннан қалыптасқан дағдыларын пайдалануға мүмкіндік береді.

2000 жылдардың басында Оңтүстік Корея үкіметі егде жастағы адамдарға арналған әлеуметтік қолдау саясатының кешенді пакеттерін әзірлеп, қарт адамдарға арналған білім беру мекемелері мен бағдарламаларының санын айтарлықтай арттырды. Қарт адамдарға арналған саясат ең алдымен экономикалық қолдау және денсаулық сақтау сияқты әлеуметтік қамсыздандыру аспектілеріне бағытталған. Дегенмен, өткен ғасырдың 60–70 жылдардың аға буын өкілдеріне арналған қарапайым әлеуметтік бағдарламалар олардың мұқтаждығын толық шеше алмайды. Егде және қарт жастағы адамдардың өздерінің өмірлік тәжірибесі мен білімін пайдалана отырып өмір сүру жағдайы мен сапасын арттыруына мемлекет мүмкіндік жасап беруі керек. Егде жастағы адамдар үшін үздіксіз білім беру олардың оқуға және қоғамға белсенді қатысуға қабілетін арттыру арқылы өмір сапасын жақсарту үшін маңызды. Сондықтан ұлттық және жергілікті білім беру органдары өздерінің мектепке негізделген саясатын өзгертіп, қарт адамдарға білім беруді ынталандыруы керек [7].

Егде жастағы адамдарға білім берудің маңыздылығының артуының тағы бір себебі – әлі де еңбекке құштар жастағы адамдар үшін адами ресурстарды пайдалану қоғамдағы әлеуметтік мәселені шешу. Біріншіден қарттарға арнайы қоғамдық ұйымдарға қатыстыру, қосымша әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру, еңбекке қайта оралу мүмкіндіктеріне жол ашу, өзінің өмірін ұйымдастыруда шешім қабылдау, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысу олардың қызығушылығын туғызады әрі өмірге деген құштарлығын оятады. Бұл олардың еңбегі мен өздерінің қоғамға керек екенін дәлелдейді. Жаңа қызметпен айналысу, жаңа еңбек ортасымен, кәсіби ұжыммен араласып, қарттық шаққа жеткен кезде керісінше өмірден түнілу, суйцидке бару жағдайынан сақтап, өздерінің психологиялық тұрақтылығын, қалыптасқан байсалдылығын сақтап қалуға көмектеседі. Ал екіншіден халықтың көбею төмендеп, қартаю үдерісі дамыған сайын, еңбекке қабілетті халық саны азаюда, сондықтан егде жастағы адамдардың түрлі қызметке қатысуын

арттыру қажет. Осы мақсатта қайта жұмыспен қамтуды және егде жастағы адамдар мен әйелдерге кәсіптік білім беруді қажет етеді.

Өмір бойы білім беруге жәрдемдесу агенттігінің мәліметі бойынша, 2016 жылы өмір бойы білім алуға арналған жергілікті өзін-өзі басқару органдары басқаратын 143 «Бақыт» оқу орталығы және университеттерге қарасты 207 үздіксіз білім беру орталығы жұмыс жасаған. Бірақ егде жастағы адамдарға жұмыс табуға көмектесетін курстар емес, олар негізінен гуманитарлық білім беруге бағытталған. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігіне қарасты «Аға жұмыс күшін дамыту орталығында» аға буынды жұмысқа орналастыру орталықтары жұмыс істейді, бірақ ел бойынша олардың саны небәрі 15, ал әрбір орталықта 3 адам ғана жұмыс жасаған, сондықтан олардан ауқымды істің жүзеге асырылуын күту қиын деп көңілі толмайтынын білдірген [8].

Сондықтан Корея үкіметінің алдында егде жастағы адамдарды оқыту арқылы олардың әлеуметтік мәселесін шешуге белсенді түрді қолға алу керек болды. Корея сапалы білім беру мүмкіндіктерінің инклюзивтілігін ілгерілету үшін бірнеше саяси бастамалар көтерді. Жұмысшыларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын қамтуы мүмкін жағдайларға орта және егде жастағы қызметкерлерге екінші кәсіптік бағдар беруді күшейту міндеттері енгізілді. Егде жастағыларды оқыту арқылы белгілі кәсіп түрімен айналысуына көмектесетін арнайы жобалар жүзеге асыру қолға алынды.

2016 жылдан бері Сеул қаласында егде жастағыларды әлеуметтік қамсыздандыру мен оларға білім беруді қолдау бойынша жаңа бағдарлама іске қосылды. Аталмыш бағдарлама арқылы егде жастағы тұрғындардың белсенділігін арттырып, олардың өмір сүруге құштарлығын ояту, олардың білімін қазіргі жағдайға сай көтеру керек болды. Олардың ішінде жақсы жұмыс іздеген егде жастағылардың белсенді топтарына қолдау көрсетуді қолға алды. Соның ішінде 50 жастан асқан адамдар тобы алдыңғы буын өкілдерімен салыстырғанда белсенді әрі денсаулықтары мықты. Сондықтан халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, Оңтүстік Корея үкіметінің міндеті – бұл буынға белсенді болып, қоғамдық өмірге қатысуға мүмкіндік беру болды. Корея үкіметі бұл мәселені «Сеул 50 плюс» («Seoul 50Plus» немесе «50+») сияқты бастамасы арқылы шешуге күш салды. Сонымен қатар оны іске қосудағы басты мақсат егде жастағы жандардың әл-ауқаттын жақсартумен қатар, оларды жұмыспен қамту және оларға қажетті белгілі бір біліктілікке үйрететін кәсіби білім беру арқылы көмек көрсетуді де көздеді. Мемлекеттік өмір бойы білім алу бойынша инновациялық мұндай саясаты аға буынды өздері үшін жаңа өмір салтын құруына қолдау көрсетуге бағытталды. Осы бастама қаладағы түрлі кампустар мен қоғамдық орталықтардың кешенді

инфрақұрылымынан, сондай-ақ әртүрлі бағдарламаларды қадағалайтын және мүдделі тараптардың қарым-қатынасын басқаратын қордан тұрды.

Сонымен «Сеул 50+» осы жастағы егде адамдар қоғамда белсенді болуы керек деген түсінікке негізделген және оларды өздері үшін жаңа өмір салтын құруға қолдау көрсетуге бағытталды. Бастаманың негізгі мақсатына жету үшін үш негізгі бағытқа назар аударады: оқыту және зерттеу, жұмыс орындары және әлеуметтік өзара әрекеттесу және «50+» инфрақұрылымымен айналысатын қор құру болды. Сонын нәтижесінде «Seoul 50 Plus Foundation» және коммерциялық емес ұйымдармен және жеке секторлармен бірлесіп салынып жатқан бірнеше 50-ден астам кампус пен орталықтардың инфрақұрылымдары кіреді. «Seoul 50 Plus Foundation» қоры үйлестіруші орган ретінде әрекет ете отырып, 30-дан астам ұйыммен Сеул Үкіметі мен серіктестікте түрлі бағдарламалар әзірлеу үшін өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойды. Қарт адамдарды оқытатын білім беру нысандары оқыту бағдарламасын алға тартты. Оларға ағылшын және компьютер біліктілігіне үйрету жұмыстары жүрді. Сеулдің әр аймағында орналасқан көптеген кампустар әр аймақтың ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі қызметтерге бөлінді. Ол қатысушыларға тек білім беру жағынан ғана емес, сонымен қатар жұмыс табуға, жаңа кәсіп ашуға, әлеуметтік өмірге қатысуға және күнделікті өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар бұл инфрақұрылым – 50 және оданда жоғары жаста асқан ұрпаққа өз құрдастарымен қарым-қатынас жасау, өміріне өзгерістер енгізу және бір-бірінің қажеттіліктеріне негізделген қызметтерді құру үшін қолдау мен мәдени кеңістікті қамтамасыз етті. Өйткені осы жастағы топқа жататын адамдардың арасында психологиялық жақындастық, бірін-бірі жақсы қабылдап, тез тіл табысып кету қасиеті басым. Сондықтан осы ерекшелікті ескере отырып, қарт адамдарға арналған мамандандырылған осы мекемелердің жұмысын дұрыс ұйымдастыру біршетенен егде жастағылардың мәдени деңгейдегі қарым-қатынастарын қалыптастыруға жақсы мүмкіндік берді. Қарт адамдарға өмір бойы білім беру – бұл әлеуметтен шеттетілген және бөлінген топ ретінде егде жастағы адамдарға жай ғана қорғау объектілері емес, өнімді және өз дамуына үлес қосатын тұлға болуға мүмкіндік беретін білім. Демек, егде жастағылардың өмір бойы білім алуының мақсаты – үздіксіз білім беру мен оқыту арқылы қарттардың әлеуетін барынша арттыру және осы арқылы қарттардың өмір сүру сапасын арттыру маңызды саналады.

50+ жасындағы топтар үшін кәсіптік оқыту курстарын ұсынатын Оңтүстік Кореядағы алғашқы бағдарлама болған «Бақытты аға» жобасын сәтті іске қосылды деп айтуға болады. Бастапқы кезде-ақ 50+ идеясы қоғамдық қолдауға ие болған. 2016 жыл мен 2017 жыл аралығындағы егде

жастағы тұрғындар арасындағы белсенділіктің салыстырмалы түрде жоғары деңгейі – оқыту курстарына 15 000 қатысушы, 600 адам 13 түрлі Boram Jobs тағылымдамаларына және 112 адам 50+ қауымдастықтарды құруға үлес қосты. Бұл жоба мақсаты Сеул тұрғындарының 30 пайызына жетуді көздеген. Сеул 50+ Boram Jobs жобасы Сеулдің аға буынды тәжірибие мен білім жинақтауға, жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге және басқа да мүмкіндіктермен қамтамасыз ету үшін жұмыс істей береді [9].

Қаланың егде жастағылары қажетті ақпараттар мен жаңалықтарды алып отыруы үшін Seoul 50+ Foundation порталы – <https://50plus.or.kr/> (кампус және аймақтық орталықтар) Сеул өмір бойы білім беру порталы – <https://sll.seoul.go.kr> (онлайн дәрістерді тегін тандау) сайттары бар.

Бұл жоба арқылы Сеул қалалық үкіметі «Егде адамдардың әл-ауқатының кешенді жоспарында» 2025 жылға қарай мемлекеттік және жеке секторда 100 000 жұмыс орнын ашқысы келетіндерін жеткізді. Қазіргі уақытта Сеулдегі 65 және одан жоғары жастағы адамдар саны 1 573 000 адамды құрайды, бұл Сеулдің жалпы халқының 16,5 % құрайды (9 558 000). Ең алдымен, Сеул қалалық үкіметі 2025 жылға қарай мемлекеттік секторда «аға стажер жүйесі» арқылы кәсіби біліктілігі жоғары 300 аса адам жұмыс табанатынына сенімді. Сонымен қатар, Сеул қалалық үкіметі 2025 жылға қарай барлық жас топтары үшін жұмыспен қамту орталығынан бөлімінен бөлек, егде жастағылар үшін қызмет ететін «Сеулде егде жастағыларды жұмыспен қамтуды қолдау орталығын» құру туралы шешім қабылдады. Жобаның мақсаты – егде жастағы адамдарға жұмыс табуды жеңілдету үшін ақпарат алмасу», 2023 жылдан бастап жобаны шындап бастауды жоспарлап отыр [10].

Биылғы жылы осы бағдарламаның аясында Сеул қаласының 3000 егде тұрғындарын қамтитын бес кампуста «жұмыстағы жаңа тенденциялар туралы арнайы дәрістер» өткізу жоспарланып отыр. Оның ішінде дрон сарапшысы, деректер таңбалаушысы, туристік өнімдер бойынша кеңесші, электрик, тікелей сауда, смарт фабрика, жеке онлайн сатушы және ақылды фермер сияқты 8 жаңа мамандықты оқытуға арналған. Жалпы әр кампуста басқа да мамандандырылған курстар бар. Себебі соңғы уақытты орта жастағы адамдар қосымша кәсіби дағдыларын дамыту үшін әсіресе цифрлық сауаттылықты игеру арқылы жаңа жұмысқа ауысу бойынша оқуға басымдық береді. Digital Education орта және егде жастағы жұмыс орнын өзгертуге арналған кәсіби даму тренингі жаңа жұмысқа қажетті практикалық дағдылар мен біліктілікті алуға мүмкіндік береді. Кәсіби дағдыларды дамытуға қызығушылық танытқан Сеул тұрғындары өздеріне ыңғайлы оқу кестесін таңдап, 50+ порталы арқылы өтініш берулері қамтамасыз етілген.

Кореяның егде жастағы адамдардың өмірін жақсарту жөніндегі ғылыми-зерттеу институты (RISBLE) корей карт адамдарының ақпаратқа қол жетімділігі мен олардың қарым-қатынас пен қатысу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған сандық сауаттылықты күшейті. Ол заманауи байланыс түрлеріне және әлеуметтік байланыстарға қатысуды арттыра отырып, белсенді қартаюдың маңызды элементі ретінде қарастырды. RISBLE бағдарламалары – Cyber Family, Internet Navigator және Family Online Game Festival – қарияларға жаңа технологияларды білуге, ұрпақ аралық қарым-қатынасты нығайтуға, көшбасшылық рөлдерді иеленуге және қоғамға ұстаз ретінде үлес қосуға көмектеседі.

Қазіргі қоғамның ақпараттық-технологиялық мүмкіндіктеріне орай қажетті мамандықты қысқа мерзімде игеру арқылы жастар ғана емес ересек адамдардың өз білімін, біліктілігін көтеуге мүмкіндіктер жасау. Кейбір ересек адамдар білім алу арқылы есте сақтау қабілетін арттыруға, бұрынғы қабілеттерінің артатыны, жаңа дүниені меңгеру арқылы әлеуметтік қиыншылықтан шығуға болатынын байқалған.

Корея Республикасының «Өмір бойы білім беру туралы» Заңы (2009 ж.) бойынша Білім министрлігін әрбір бес жыл сайын ұлттық деңгейде өмір бойы білім алуға жәрдемдесудің кешенді жоспарын жүзеге асырып келеді. Бұл ұлттық жоспар орта мерзімді және ұзақ мерзімді саясаттың мақсаттарын, сондай-ақ өмір бойы білім алуға жәрдемдесу бойынша нұсқаулықтарды ұсынды. 2009 жылдан бастап үздіксіз білім алуға қолжетімділікті жақсартатын үш жоспар қабылданды және үздіксіз білім берудің Ұлттық институтын (NILE), сондай-ақ 17 жергілікті үздіксіз білім беру мекемесін құрды. Бұл соңғы жоспардың бір ерекшелігі бұрынғыларға қарағанда цифрлық дәуір мәдени, әлеуметтік, экономикалық және саяси ортада елеулі өзгерістеріне сәйкес құрылды. Осылайша, өмір бойы білім беруге жәрдемдесу жөніндегі төртінші Ұлттық жоспар (2018-2022) технологиялық инновацияларға жауап ретінде үздіксіз білім берудің икемді және сапалы жүйесін дамытуды қолға алған. Бұл жоспардың ішінде білім деңгейін көтеру үшін қосымша білім ересектерге білім беру, біліктілікті арттыруға арналған білім беру де қарастырылған. Ересектердің білімін қолдаудың қосымша үлгісі ретінде MOOC әлеуетінде ерекше айтуға болады. Арнайы платформалардағы мыңдаған MOOC курстарын тандап онлайн оқу арқылы да қажетті біліктілікті игеруге, жаңа жұмыс орнын табуға мүмкіндік бар [11].

Қорытынды

Ересектерге білім беру – бұл мемлекеттің стратегиялық идеясы, нарық талабы. Ересектерге білім беру арқылы Корея Республикасының әрбір азаматын еңбек нарығындағы қажетті мамандықтарды игере отырып, өз тұрмысын, экономикалық жағдайын жақсарту алатын, жанұясын асырай

алатын отбасына айналдыруға болады. Ересектерге білім берудің басты міндеті – қазіргідей жылдам өзгеріп отырған қоғамда тез арада өз орнын табу, қоғамның өзгерістеріне қарай бейімделе алу, еркін еңбекке араласу, толыққанды өмір сүре алуына бағытталған.

Түрлі оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету қазіргі корей қоғамының маңызды міндеттерінің бірі деп айтуға болады. Атап айтқанда, қарттарға білім беру арқылы ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас аренасын жандандырып, оң жас нормасын қалыптастыруға, сол арқылы қарттарды кемсітуді азайтуға болады. Осылайша, қарт адамдарға білім беру қарттардың жас ұрпаққа деген теріс көзқарасын өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар жергілікті қоғамдастық пен ұрпақтар арасындағы қарым-қатынасқа қатысады және үйлесімділікке ықпал етеді.

Оқу адамның қартаюының басталуын жеңілдетеді және шын мәнінде денсаулығы мен әл-ауқатын жақсартады. Одан әрі үйрену қауымдастық еріктілері, ата-әжелер және қамқоршылар ретінде қызмет ету сияқты басқа рөлдерді орындауға мүмкіндік береді. Кейінгі өмірде оқуға қатысатын адамдар белсенді әлеуметтік өмірге ие, өйткені олар өз қауымдастығының істеріне көбірек араласады.

Ал Сеул 50+ жұмыссыз егде жастағы жұмысшыларды бүгінгі таңда сұранысқа ие жоғары сапалы жұмыс орындарына сенімді бәсекелесуге көмектесетін құралдар мен оқу ресурстарының жиынтығымен қамтамасыз етуі расымен де орта және егде жастағы тұрғындардың мәселелерін шешетін жоба болғаны көрсетіп отыр. Оның табысының негізі – жергілікті қауымдастықтарда бағдарлама құрамдастарын жүзеге асыратын қауымдастық серіктестерінің жалпыұлттық желісін құру болды. Оның түрлі бағыттағы инфрақұрылымы 50 жастан асқан адамдарға жаңа жұмыс мүмкіндіктерін іздеу кезінде кездесетін ерекше қиындықтарды шешетін құралдар мен ресурстармен егде адамдарға көмектесуде. Уақыт өте келе оның қалай дамып жатқанын көреміз деп үміттенеміз. Жалпы мұндай жоба дамыған елдердің көбінде жұмыс жасайды. Қартаюшы қоғамға бара жатқан мемлекеттер үшін олардың қызметі үлгі болатыны анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Старение. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.un.org/ru/global-issues/ageing>. – 2020.

2 Институт ЮНЕСКО по обучению на протяжении всей жизни. «Всемирный доклад об обучении и образовании взрослых : не оставлять

никого позади : участие, равенство и инклюзивность». [Электрондық ресурс]. – URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000373742>. – 2022.

3 **Лим, Э. Х.** Образование взрослых как важный фактор социального развития общества в Республике Корея [Текст] // Вектор науки ТГУ. Серия: Педагогика, психология. – 2013. – № 4(15). – 111–113 б.

4 **Kim Shinil.** Adult Learning and Education in Korea. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://preprod.uil.unesco.org/fileadmin/keydocuments/AdultEducation/en/RepublicofKoreaTrendsandAchievementsinAdultLearningandEducation.pdf>.

5 Статистическое управление Кореи. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.statista.com/statistics/1065234/south-korea-working-age-population-by-province/>. – 2021.

6 **Jooyeon Kang, Jungmin Park, Jaemin Cho.** Inclusive Aging in Korea : Eradicating Senior Poverty [Text] // International Journal of Environmental Research and Public Health. – 2022, Feb 14. – 19(4). – <https://10.3390/ijerph19042121>.

7 **Ilseon Choi.** Current State and Issues of Education for Older Adults in South Korea [Текст] // Education for the Elderly in the Asia Pasific. – Education in the Asia-Pacific Region : Volume 59. – 2021, 15-29 P. – https://10.1007/978-981-16-3326-3_2.

8 교양교육만넘치고직무훈련은없는노인직업교육 [Текст] // 네이트뉴스. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://news.nate.com/view/20170822n32221?mid=n0304&isq=9936>. – 2017.08.22.

9 Seoul 50+ Initiative in South Korea [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.centreforpublicimpact.org/case-study/seoul-50plus>.

10 서울시노인일자리계획, 조감도만있고청사진은없다 [Текст]. [Электрондық ресурс]. URL: https://bravo.etoday.co.kr/view/atc_view/12830. – 2021.10.07.

11 Republic of Korea : The fourth National Lifelong Learning Promotion Plan (2018–2022). [Электрондық ресурс]. – URL: <https://uil.unesco.org/document/republic-korea-fourth-national-lifelong-learning-promotion-plan-2018-2022-issued-2017>. – 2017.

REFERENCES

1 Starenie [Ageing]. [Electronic resource]. – URL: <https://www.un.org/ru/global-issues/ageing>. – 2020.

2 Institut YUNESKO poobucheniyyu na protyazhenii vsej zhizni «Vsemirnyj doklad ob obucheniyy i obrazovanii vzroslyx : ne ostavyat nikogo pozadi : uchastie, ravenstvo i inklyuzivnost [UNESCO Institute for Lifelong Learning. «Global report on adult learning and education : leave no one behind : participation, equity and inclusion». [Electronic resource]. – URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000373742>. – 2022.

3 **Lim, E. X.** Obrazovanie vzroslyx kak vazhnyj faktor socialnogo razvitiya obshhestva v Respublike Koreya [Adult education as an important factor in the social development of society in the Republic of Korea] [Text] // Vektor nauki TGU. Seriya : Pedagogika, psixologiya. – 2013. – №4(15). – 111–113 p.

4 **Kim Shinil.** Adult Learning and Education in Korea. – [Electronic resource]. – URL: <https://preprod.uil.unesco.org/fileadmin/keydocuments/AdultEducation/en/RepublicofKoreaTrendsandAchievementsinAdultLearningandEducation.pdf>.

5 Statisticheskoe upravlenie Korei [Statistics Korea]. – [Electronic resource]. – URL: <https://www.statista.com/statistics/1065234/south-korea-working-age-population-by-province/>. – 2021.

6 **Jooyeon Kang, Jungmin Park, Jaemin Cho.** Inclusive Aging in Korea: Eradicating Senior Poverty [Text] // International Journal of Environmental Research and Public Health. – 2022, Feb 14. – 19(4). – <https://10.3390/ijerph19042121>.

7 **Ilseon Choi.** Current State and Issues of Education for Older Adults in South Korea [Text] // Education for the Elderly in the Asia Pasific. – Education in the Asia-Pacific Region : Volume 59. – 2021. – 15–29 P. – https://doi.org/10.1007/978-981-16-3326-3_2.

8 Kyoyang kyoyukman nomchikogo gigmu hunlyeon opsnun noin jigeob [Vocational education for the Older Adults without job training] [Text] // Nate news. [Electronic resource]. – URL: <https://news.nate.com/view/20170822n32221?mid=n0304&isq=9936>. – 2017.08.22.

9 Seoul 50+ Initiative in South Korea. [Electronic resource]. – URL: <https://www.centreforpublicimpact.org/case-study/seoul-50plus>.

10 Seoul si noin iljari gyehhoeg, jogamdoman issko chengsajineun eopta [Seoul Senior Employment Plan] [Text]. [Electronic resource]. – URL: https://bravo.etoday.co.kr/view/atc_view/12830. – 2021.10.07.

11 Republic of Korea : The fourth National Lifelong Learning Promotion Plan (2018–2022). [Electronic resource]. – URL: <https://uil.unesco.org/document/republic-korea-fourth-national-lifelong-learning-promotion-plan-2018-2022-issued-2017>. – 2017.

Материал 04.09.23 баспаға түсті.

*Б. Ж. Ташкенбаева¹, З. А. Серикбаева², Г. А. Тастемирова³

^{1,2,3}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

Республики Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 04.09.23.

РЕШЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ РЫНКА ТРУДА ОБРАЗОВАНИЯ ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ В РЕСПУБЛИКЕ КОРЕЯ

В данной статье рассматриваются вопросы предоставления дополнительного образования пожилым людям в Республике Корея и вовлечения их в активную трудовую жизнь. Также в статье описывается о реализации Проекта по дополнительному образованию для пожилых людей, осуществляемого для этих целей правительством Кореи. В Южной Корее по мере снижения прироста населения и увеличения роста пожилых людей снижается численность трудоспособного населения, что препятствует устойчивому развитию экономики страны. Правительство рассматривает проблемы решения нехватки работающих и снижения социальных издержек за счет привлечения в активную трудовую жизнь людей старшего поколения и пенсионеров. В такой ситуации властям страны важно повышать квалификацию и развивать навыки пожилых людей, проводить их переподготовку в соответствии с требованиями нового рынка труда. По этой причине образование старшего поколения в Южной Корее является государственной стратегией и требованием рынка. С 2016 года в Сеуле запущена новая Программа поддержки социального обеспечения и образования пожилых людей. Программа включает в себя инфраструктуру различных кампусов и городских общественных центров, а также фонда, который курирует различные программы и координирует отношения заинтересованных сторон в рамках программы Seoul 50+. Также Программа нацелена на поддержание здоровой и активной общественной жизни и старости среднего поколения посредством участия пожилых людей в трудовой деятельности.

Ключевые слова: образование пожилых людей, трудоустройство пожилых людей, участие в общественной жизни, переподготовка, повышение квалификации.

*B. Zh. Tashkenbayeva¹, Z. A. Serikbayeva², G. A. Tastemirova³

^{1,2,3}Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 04.09.23.

SOLVING THE PROBLEM OF THE LABOR MARKET THROUGH THE EDUCATION OF THE OLDER PEOPLE IN THE REPUBLIC OF KOREA

This article considers the problems of Education for the Elderly in the Republic of Korea and increasing their labour force participation rate. The project designed for the elderly by the Korean government for this purpose is also highlighted. As in South Korea the population growth decreases and the ageing process develops, the decline in the working-age population inhibits the sustainable development of the country's economy. The government is regarding a way to solve the problem of eliminating the shortage of workers and reduce the social costs by attracting elderly people to the row of active workers and the retired people to permanent work. Such conditions demand the authorities to improve the competence and skills of older people in accordance with the new labor market requirements and to retrain them. Therefore, adult education in South Korea is a state strategy as well as a market requirement. Since 2016, a new programme has been implemented in Seoul to support education for the elderly and their social security. It includes a comprehensive infrastructure of various campuses and community centers in the city through the Seoul 50+ programme, as well as a fund that oversees different programmes and manages the relationships of concerned parties. In addition, this event was organized to support health, social activity and old age of the middle generation by involving them into labour.

Keywords: education for the elderly, employment of the elderly, participation in public life, retraining, advanced training.

Теруге 04.09.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.09.2023 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

1,59 Мб RAM

Шартты баспа табағы 6,6.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4134

Сдано в набор 04.09.2023 г. Подписано в печать 29.09.2023 г.

Электронное издание

1,59 Мб RAM

Усл.п.л. 6,6. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4134

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz